

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

«А.Байтұрсынов
атындағы Қостанай
мемлекеттік
университеті» РМҚ



Экономикалық факультет

Бекітемін

Ғылыми кеңес төрағасы
А. Дошанова

26 09 2019 ж.



Модульдік білім беру бағдарламасы

8D04102 Менеджмент

Денгей: докторантура (бағыт– ғылыми және педагогикалық)

Қостанай, 2019

Құрастырушылар:

Сейтова Г.Т. – басқару және іскерлік әкімшілік кафедрасының меңгерушісі,
экономикалық ғылымдар кандидаты

Сулейменова С.Е. – басқару және іскерлік әкімшілік кафедрасының
оқытушысы, экономикалық ғылымдар магистрі

Экономикалық факультеттің әдістемілік кеңес отырысында қарастырылған,
хаттама №3 29.03.2019 ж.

Университеттің ғылыми кеңес отырысында қарастырылған, хаттама №6
26.04.2019 ж.

Білім беру бағдарламасының паспорты

ББ коды және атауы	8D04102 Менеджмент
Білім беру саласының коды және жіктелуі	8D04 Бизнес, басқару және құқық
Даярлау бағытының коды мен жіктелуі	8D041 Бизнес және басқару
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
Білім беру бағдарламасының мақсаты	
Елдің және өңірдің даму перспективаларын ескере отырып, кәсіби және ғылыми құзыреттері мен оларды іске асыру дағдылары бар, қоғамның прогрессивті ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына ықпал ететін басқарушылық шешімдерді әзірлеу мен қабылдауда бәсекеге қабілетті жоғары білікті басқарушы кадрларды даярлау.	
Берілетін дәреже	
«8D04102 Менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)	
Маман лауазымдарының тізбесі	
бөлімше басқарушысы; бөлім бастығы; барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар директорының орынбасары, директоры, вице-президенті; жергілікті және мемлекеттік басқару органдарының бас маманы, жоғары және орта буын жетекшісі; ғылыми-зерттеу ұйымдарының аға, жетекші немесе бас ғылыми қызметкері; оқу-әдістемелік ұйымдардың сарапшысы, консультанты; даярлық бейіні бойынша жоғары оқу орындарының аға оқытушысы, доценті және профессоры	
Кәсіби қызмет объектілері	
қызмет саласы мен саласына қарамастан барлық меншік нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындар; мемлекеттік және жергілікті басқару органдары мен инфрақұрылымы; жоғары оқу орындары; ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу және сараптамалық-консалтингтік ұйымдар, ведомствоаралық, өңіраралық және халықаралық ғылыми жобалау ұйымдары	
Кәсіби қызмет түрлері	
<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-зерттеу; - білім беру; - ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет; - есептік-жобалық; - аналитикалық; - оқу-әдістемелік. 	
Кәсіби қызметінің функциялары	
<ul style="list-style-type: none"> - стратегиялық және жедел басқаруды дамытудың негізгі бағыттарын жоспарлау; басқарудың мақсаттары мен міндеттерін, оның тиімділігін айқындау; - объектінің ұйымдық құрылымын және оны басқару құрылымын қалыптастыру, басқару аппаратын оңтайлы құру; менеджмент техникасы мен технологиясын жетілдіру; - қызметкерлерді ынталандыру, оның еңбегін жандандыру; - басқарма қызметінің барлық жақтарын үйлестіру және бақылау; - ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің бағдарламаларын әзірлеу, олардың орындалуын ұйымдастыру; - басқару пәндерін оқыту, бейіндік бағыттағы пәндер бойынша білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу. 	
БББ оқу нәтижелері	
<p>ON1 Ана және шет тілінде ғылыми коммуникацияны жүзеге асыру, өзінің зерттеу нәтижелерін ұлттық және халықаралық деңгейде жариялау;</p> <p>ON2 Заманауи теориялар мен әдістер негізінде дербес ғылыми зерттеу жүргізу, зерттеу ақпаратын талдау және өңдеу;</p>	

- ON3 Педагогикалық қызметті сәтті жүзеге асыру үшін білім алушылармен қарым-қатынасты құру және дамыту, педагогикалық қызметті жобалау, оқылатын пәннің тақырыбын білім алушыларға жеткізу;
- ON4 Қазіргі заманғы менеджмент талаптарына сәйкес келетін теориялық білім мен практикалық дағдыларға ие болу; экономиканы әлемдік жаһандану жағдайында басқару принциптерін іске асыру;
- ON5 Ұйымның ерекшелігі мен нақты қызмет жағдайларын ескере отырып, ұйымды басқаруды және ұйымның нысандарын тиімді қолдану;
- ON6 Ұйымдастыру ортасының ерекшеліктеріне қарай басқарушылық шешімдерді өз бетінше қабылдай білу;
- ON7 Менеджментке және менеджментте шығармашылық көзқарасты практикалық қызметте іске асыру қабілеттері мен сыни ойлауға ие болу;
- ON8 Кәсіби қызмет аясында басқару қызметінің тиімділігін арттыру мәселелерін зерттеудің заманауи әдістері мен құралдарын қолдану

Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінің (ҚР-ЖББК) біліктілік шеңберінің аясындағы екінші деңгейдегі дескрипторлар

Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін түлектер:

- 1) осы салада қолданылатын зерттеу дағдылары мен әдістерін меңгеру, зерттеу саласында жүйелі түсінігін көрсету;
- 2) зерттеудің маңызды процесін ғылыми көзқараспен бейімдеу, жобалау, енгізу және бейімдеу қабілетін көрсету;
- 3) ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялануға лайық ғылыми облыстың шекарасын кеңейтуге өзіндік ерекше зерттеулермен үлес қосу;
- 4) жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;
- 5) өз білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және қалың жұртшылыққа хабарлау;
- 6) білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуының академиялық және кәсіби контекстінде ілгерілетуге жәрдемдесу.

Содержание образовательной программы

Модульдің атауы	Компонент цикілі (МК, ЖОО, ТК)	Пәндер коды	Пәннің /тәжірибенің атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Кредит ер саны	Семестр	Қалыпта сатын компетенциялар (кодтар ы)
Жалпы кәсіби пәндер	БП ЖООК	AMSh T 7201	Академиялық мақсаттар үшін шетел тілі	Ауызша және жазбаша шет тілдің академиялық қарым-қатынас ерекшелігі, академиялық лексика және академиялық мәтіндердің жанр-лық ерекшеліктері терең оқытылады, докто-ранттар көптеген тақырыптар бойынша моно-логтық және диалогтық сөйлеу дағдыларын, академиялық жазу дағдыларын, мәтіндерді сын тұрғысынан талдау және қазіргі заманғы әдістер арқылы ақпарат іздеуді меңгереді.	5	1	ON2
	БП ЖООК	ZB 7202	Зерттеулерді басқару	Пән теориялық және әдіснамалық материалдардың кең ауқымын зерттеу негізінде ғылыми зерттеулердің ерекшелігі туралы түсініктерді қалыптастырады, ғылыми таным принциптері, ғылыми зерттеудің құралдары мен әдістері туралы білімді жүйелендіруге, сондай-ақ ғылыми зерттеуді жүргізу процесін ұйымдастыру және оның нәтижелерін рәсімдеу бойынша практикалық дағдыларды меңгеруге және бекітуге бағытталған.	5	1	ON2 ON8
Басқарудың стратегиялық аспектілері	ПД ВК	ST 7301	Стратегиялық талдау	Бұл пән теориялық негіздерді зерделеуді және стратегиялық талдау жүргізудің практикалық дағдыларын меңгеруді көздейді. Осы пәнді оқу кезінде докторанттар	5	1	ON4 ON6 ON8

				стратегиялық талдаудың мәні мен мазмұнымен, ақпараттық қамтамасыз етумен, технологиясы мен әдістерімен танысады.			
	ПД ВК	SUZ 7302	Шығындарды стратегиялық басқару	Пән ұйымдағы шығындарды стратегиялық басқару туралы білімді қалыптастырады, қазіргі заманғы аналитикалық тұжырымдаманы қарастырады, оның шеңберінде шығындар туралы деректер тұрақты бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізуге бағытталған іскерлік стратегияны әзірлеу үшін пайдаланылады. Докторанттар құндылықтардың салалық тізбегін құру және талдау әдістемесін, шығын жасаушы факторларды, шығындарды тиімді басқарудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде стратегиялық ұстанымды зерттейді.	5	1	ON4 ON6 ON8
АӨК басқарудың экономикалық механизмі	БД КВ	АМ 7203	Аграрлық маркетинг	Пән білім алушыларда қазіргі кезеңдегі аграрлық маркетинг саласында теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады. Докторанттар аграрлық маркетинг теориясының әдіснамалық негіздерін, оқытылатын курстың негізгі категорияларын, ұйымның немесе белгілі бір тауардың аграрлық маркетингі кешенін әзірлеу және үйлестіру ерекшеліктерін, АӨК саласындағы маркетингтік қызметті ұйымдастырудың жалпы принциптерін зерттейді.	5	2	ON4 ON5 ON6 ON7
	ПД КВ	SPARK K 7303	Қазақстанның АӨК қазіргі мәселелері	Пән білім алушыларда аграрлық өндіріс саласында теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастырады. Докторанттар Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісін, оның ерекшеліктерін, Қазақстанның АӨК	5	2	ON2 ON5

				қазіргі заманғы мәселелерін зерттейді.			
Адами капитал менеджменті	БД КВ	UChR 7203	Адами ресурстарды басқару	Пән аясында докторанттар ұйымдағы, коммуникациялардағы, көшбасшылықтағы және қақтығыстарды басқарудағы адамдардың өзара іс-қимылының теориясы мен тұжырымдамасының әдіснамалық негіздерін зерттейді. Бұл ұйымдардың Адами ресурстарын басқару стратегиясын әзірлеуде құзыретті болуға, оны іске асыруға бағытталған іс-шараларды жоспарлауға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.	5	2	ON4 ON5 ON6
	ПД КВ	KPM 7303	Менеджменттің креативті әлеуеті	Пән шеңберінде докторанттар білім жүйесінің пайда болуы, дамуы және өзгеруі (білік, концепция, көзқарас, идеялар, түсінік және пайымдаулар) пайда болу процесін, әртүрлі жағдайда ұйым қызметін шығармашылық басқару туралы, басқару қызметінің тиімділігін арттыру және ұйымды дамыту мақсатында менеджерлердің шығармашылық белсенділігін жүзеге асыру тәсілдері туралы зерттейді, тәжірибеде интегралдық интеллект, шығармашылық атмосферасын, мәселелерді шешуге зерттеу тәсілін қолдану дағдыларын меңгереді.	5	2	ON4 ON5 ON6 ON7 ON8
Менеджмент жүйесіндегі басшылық	ПД КВ	LSM 7304	Көшбасшылық және менеджмент стилі	Пән білім алушыларда ұйымдардағы көшбасшылық мәселелерін теориялық және практикалық шешуде ғылыми тәсілдің мәні мен әдістері туралы түсініктерді қалыптастырады, білімді меңгеруге, іскерлік коммуникативтік қарым-қатынастың дағдылары мен біліктерін дамытуға бағытталған. Бұл нарық жағдайында көшбасшылық және басқару стилі туралы	5	2	ON4 ON5 ON6 ON7 ON8

				білімді іс жүзінде қолдану бөлігінде құзыретті болуға мүмкіндік береді.			
	ПД КВ	KPRK 7305	ҚР кадрлық әлеуеті	Пән шеңберінде докторанттар елдің кадрлық әлеуетін дамытудың жалпы стратегиясында персоналдың іскерлік мансабын жоспарлауды, персоналдың еңбекке бейімделуінің негізгі аспектілерін, персоналға жұмсалатын шығындарды бюджеттеуді зерттейді. Докторанттар жұмыстың тиімділігін бағалау, кадрлық әлеуетті оңтайлы пайдалану үшін жоспарлау дағдыларын меңгереді.	5	2	ON2 ON4 ON6
Педагогикалық және зерттеу қызметін ұйымдастыру	ПД КВ	MEI 7304	Экономикалық зерттеулер әдіснамасы	Докторанттар экономикалық зерттеулер әдіснамасы мәселелері бойынша негізгі отандық және шетелдік монографиялық әдебиеттерді, экономикалық зерттеудің түрлі әдістерін және оларды нақты экономикалық жүйенің ерекше объектілеріне қолдану мүмкіндіктерін зерделейді.	5	2	ON2 ON3
	ПД КВ	APPVS hK 7305	Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы педагогиканың өзекті мәселелері	Пән білім берудегі инновациялық қызметтің мәнін, кәсіби - педагогикалық қызмет үшін маманға қажетті қазіргі психологиялық - педагогикалық білім негізінде жоғары мектепте оқытудың ерекшеліктерін ашады. Бұл жоғары мектепте студенттер мен магистранттарды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі педагогикалық мәселелерін шешу мәселелерінде құзыретті болуға мүмкіндік береді.	5	2	ON2 ON3
Кәсіби тәжірибе	БД ВК		Педагогикалық тәжірибе	Докторанттар болашақ педагогикалық қызметінің табысты болуы үшін бакалавриатта және магистратурада сабақтар өткізуге тартылады. Докторанттар сабақ	3	3	ON2 ON3

				өткізу кезінде тиісті пән бойынша топтың жұмысын ұйымдастырады; білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асырады және олардың нәтижелерін бақылайды.			
	ПД ВК		Зерттеушілік тәжірибе	Зерттеу тәжірибесі кезінде докторанттар отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделейді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде тәжірибелік деректерді өңдеу және интерпретациялау машықтарын бекітеді.	10	4	ON2
Ғылыми зерттеушілік жұмыс	НИРД		Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде стажировкадан өту және докторлық диссертацияны орындау	ДҒЗЖ басқару қызметінің тиімділігін арттыру саласында теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін ғылыми негізделген теориялық және практикалық нәтижелерді алу; нақты практикалық ұсыныстарды әзірлеу, кешенді, функционалдық сипаттағы басқарушылық міндеттерді дербес шешу; тиісті білім саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені меңгеру дағдыларын қалыптастырады.	115	1-6	ON2
Қорытынды аттестация	ҚА		Докторлық диссертацияны жазу және қорғау		12	6	
				Барлығы	180		